

«Білім туралы» ҚР Заңының 30-бабы

30-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

1. 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту отбасында немесе бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы есепке алудың, кезектіліктің және жолдама берудің бірыңғай базасы арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйым психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоспағанда, алты жасқа толған тәрбиеленушілерді шығаруды олар мектепалды даярлық бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгергеннен кейін жыл сайын 1 маусымнан бастап 1 тамыз аралығындағы кезеңде жүзеге асырады.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына енгізілген өзгерістер

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

Бұрын қолданыста болған редакция

10. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен **оқыту:**

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес);

2) және (немесе) тәрбие мен оқытудың арнайы бағдарламасы бойынша бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтарда қарастырылады.

Топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жинақтау бір тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

Жаңа редакция

10. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту **психологиялық-медициналық-педагогикалық**

консультацияның ұсынымдарына сәйкес:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес);

2) және (немесе) тәрбие мен оқытудың арнайы бағдарламасы бойынша бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтарда қарастырылады.

12. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен** (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін **адамдарға (балаларға)** психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.

12. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығымен** бекітілген Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36047 болып тіркелді) сәйкес тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін **балаларға (адамдарға)** психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.

14. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

...

3) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарынан **шығару** жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарын жинақтау тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы **толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.**

14. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

...

3) мектепке дейінгі ұйым психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоспағанда, алты жасқа толған тәрбиеленушілерді шығаруды олар мектепалды даярлық бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгергеннен кейін жыл сайын 1 маусымнан бастап 1 тамыз аралығындағы кезеңде жүзеге асырады;

мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарынан шығару психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоспағанда, жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады;

4) ағымдағы жылы 1-31 тамыз аралығында:
тәрбиеленушілер бір жас тобынан басқасына олардың күнтізбелік жылдың соңына дейінгі толық жасын ескере отырып ауыстырылады;
ағымдағы күнтізбелік жылдың бірінші жартысында мектепке дейінгі ұйымның мектепалды тобына қабылданған балалар мектепалды топқа қайта қабылданады;

мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарын жинақтауда тәрбиеленушілердің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық бес жасы және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды ескере отырып, жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспары

1-бағыт Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту							
Мақсат: Мектепке дейінгі жастағы балалардың іскерліктері мен дағдыларының даму деңгейін арттыру							
Міндет: Тәрбиеленушілердің іскерлігі мен дағдыларын дамыту деңгейін арттыру							
	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
1.1-нәтиже көрсеткіші							
Балалардың мектепалды даярлық деңгейі	83,4	87,1	88,8	90,8	92,0	92,7	93,8
Абай	-	-	88,5	90,0	91,0	92,0	92,4
Ақмола	83,2	84,4	88,8	94,8	95,1	95,5	95,8
Ақтөбе	84,0	84,6	95,2	95,3	95,4	95,5	95,6
Алматы	84,7	93,6	93,8	94,2	95,3	96,1	97,2
Атырау	83,4	84,5	84,5	88,0	90,0	92,0	92,6
БҚО	81,3	92,5	89,7	92,0	93,0	93,8	94,0
Жамбыл	90,2	85,4	87,1	91,7	92,3	92,4	93,8
Жетісу	-	-	88,4	89,7	92,0	92,5	93,3
Қарағанды	74,6	84,3	88,3	89,2	91,0	92,4	92,9
Қостанай	84,0	84,1	87,9	88,0	90,0	91,1	93,5
Қызылорда	89,3	84,4	95,2	95,4	95,5	95,6	95,7
Маңғыстау	85,6	84,1	85,9	88,8	90,5	93,0	94,1
Павлодар	88,6	91,3	91,4	91,5	92,5	93,0	93,7
СҚО	87,6	84,1	92,5	92,8	93,0	93,5	94,2
Түркістан	78,9	83,9	83,9	86,4	88,0	89,0	92,0
Ұлытау	-	-	84,7	89,4	91,0	92,7	94,0
ШҚО	80,0	84,0	90,9	91,1	91,9	92,3	92,8
Астана қ.	84,7	91,9	90,1	90,2	91,0	92,0	92,5
Алматы қ.	82,0	84,4	88,4	92,2	93,4	93,8	95,5
Шымкент қ.	88,3	84,3	87,3	89,2	91,5	93,0	94,0

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспары

1-бағыт Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту							
Мақсат: Мектепке дейінгі жастағы балалардың іскерліктері мен дағдыларының даму деңгейін арттыру							
Міндет: Тәрбиеленушілердің іскерлігі мен дағдыларын дамыту деңгейін арттыру							
	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
2-нысаналы индикатор. Меншік нысанына қарамастан тәрбие мен оқыту сапасын бағалау критерийлеріне сәйкес келетін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі	-	-	25,7	50	75	100	100
Абай			19,7	67,5	84,9	100	100
Ақмола			36,1	41,9	73,8	100	100
Ақтөбе			21,1	48,7	79,4	100	100
Алматы			13,8	26,0	60,4	99,8	99,8
Атырау			34,0	40,4	83,1	100	100
БҚО			21,6	54,5	75,0	100	100
Жамбыл			42,6	57,6	89,9	100	100
Жетісу			30,4	53,3	80,6	100	100
Қарағанды			17,5	55,0	72,6	100	100
Қостанай			8,9	43,2	64,3	100	100
Қызылорда			41,8	31,1	81,3	99,6	99,7
Маңғыстау			30,0	37,4	74,6	100	100
Павлодар			21,9	72,5	78,4	100	100
СҚО			43,8	54,9	78,5	100	100
Түркістан			20,0	48,2	64,0	100	100
Ұлытау			14,4	73,6	78,7	100	100
ШҚО			38,5	46,0	74,8	100	100
Астана қ.			23,1	67,8	82,7	100	100
Алматы қ.			19,8	50,4	68,7	100	100
Шымкент қ.			31,3	82,9	93,6	100	100

«Ұлттық білім беру деректер қоры» цифрлық жүйесінде толтыру үшін мектепалды жасындағы бала дамуының жеке картасы

Рет №	Құзыреттер	Біліктер мен дағдылардың көлемі		Біліктер мен дағдылардың қалыптасу көрсеткіші		
				Қалыптасқан	Жеткіліксіз қалыптасқан	Қалыптаспаған
1	Физикалық даму	1	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген, жеке гигиенаны сақтайды (киімі мен аяқ киімін қадағалайды, өз бетінше киінеді/шешінеді), тамақтану мәдениетінің ережелерін сақтайды			
		2	Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау) меңгерген			
		3	Құрдастарымен қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашы, ойын ережелерін сақтайды, ептілік, жылдамдық, төзімділік көрсетеді			
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	4	Тіл дыбыстарын дұрыс айтады, сөйлеуде жай және құрмалас сөйлемдерді қолданады, ересек адамды түсінеді және толық жауап береді			
		5	Шағын әңгімелер құрастырады, мәтіннің мазмұнын қайталайды, өлеңдерді жатқа айтады			
		6	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөздерді буындарға бөледі, сөзге дыбыстық талдау жасайды			
		7	Қағаз бетінде бағдарланады, қарындашты дұрыс ұстайды			
		8	Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, қоршаған ортадағы заттарды және қарапайым әрекеттерді атайды			
3	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	9	10-ға дейін тура және кері санайды			
		10	Заттарды әртүрлі белгілері (түсі, пішіні, мөлшері, саны, көлемі, өлшемі, материалы) бойынша салыстырады			
		11	Уақытта, кеңістікте, жазықтықта бағдарланады			
		12	Геометриялық пішіндерді (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратады және дұрыс атайды			
		13	Логикалық ойын тапсырмаларын орындайды, қызығушылық танытады, қойылған міндетті шешудің жолдарын таба алады			
4	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	14	Натураға қарап және көз алдына елестете отырып мүсіндейді			
		15	Көз алдына елестетіп, ауызша сипаттап, ұсынылған тақырып бойынша, өз бетінше, құрдастарымен бірлесіп түрлі материалдардан құрастырады			
		16	Бояулармен және қарындаштармен сурет салады, жиектен шықпай бояйды, негізгі түстерді және олардың реңктерін ажыратады			
		17	Қайшыны қолдануды біледі, пішіндерді қия алады			
		18	Музыкалық жанрларды, балалар музыкалық аспаптарын ажыратады, би қимылдарын, таныс әндерді орындайды			
5	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	19	Отан, мемлекеттік рәміздер, мерекелер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы түсініктері бар, патриоттық сезімдері қалыптасқан			
		20	Туыстық байланыстарды, отбасылық дәстүрлерді біледі, үлкендерге құрмет көрсетеді және кішілерге қамқорлық жасайды			
		21	Жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді біледі, туған өлкенің табиғатына қамқорлық жасайды			
		22	Әртүрлі мамандықтарды біледі және ересектердің жұмысын құрметтейді			
		23	Ұжымдық іс-әрекет түрлеріне қатысады, тапсырмаларды орындайды, жұмыс нәтижелерін бағалайды			
		24	Үйде, қоғамдық орындарда, жолда, табиғатта және төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгерген			